

## Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 қазанда № 6080 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 14.12.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 14.12.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Павлодар қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кәріз коллекторында орын алған апатқа байланысты Павлодар облысының Павлодар қаласында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Павлодар қаласы әкімінің орынбасары А. Б. Балашов төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар қаласының әкімі*

*Ә. Күмпекеев*